

Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 20 наурыздағы N 167 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 46-баптан қараңыз) Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2005.07.08. N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 46-баптан қараңыз) Заңымен.

Осы Заң келісім-шарт бойынша әскери қызметті ұйымдастыру және атқару кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді, тараптардың жасалған келісім-шарт талаптарын сақтау жөніндегі өзара міндеттемелері мен жауапкершілігін белгілейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) келісім-шарт бойынша әскери қызмет атқаратын әскери қызметшілер - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері) республикалық бюджеттен төленетін лауазымдарға ерікті түрде қабылданатын Қазақстан Республикасының азаматтары;
- 2) келісім-шарт бойынша әскери қызмет - Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне әскери қызметке ерікті түрде қабылданған әскери қызметшілердің қызметі;
- 3) қызметтің зиянды жағдайлары - белгілі бір факторлардың әскери қызметшінің жұмысқа қабілетін төмендетуге немесе науқасқа ұшырауына әкеп соғатын не оның ұрпағының денсаулығына теріс әсер ететін қызмет жағдайлары;
- 4) кепілдіктер - тараптардың (мемлекеттің және әскери қызметке қабылданатын адамдардың) келісім-шартпен белгіленген жағдайларды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемесі;
- 5) лауазымды тұлға - уәкілетті мемлекеттік органның Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің офицерлік құрамы лауазымында болатын, келісім-шарт жасасу және ұйымдық-өкімдік, әкімшілік-шаруашылық міндеттерді жүзеге асыру жөнінде өкілеттік берілген өкілі;
- 6) лауазымдық өкілеттіктер - осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құқықтарға ие болып,

міндеттер жүктелген әскери қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге сай келетін әскери қызмет міндеттерін атқару жөнінде нақты лауазыммен көзделген өкілеттіктер;

7) өтемдер - әскери қызметшіге қызмет режимі мен жағдайларына байланысты мертігуі немесе денсаулығына өзгедей зақым келтірген зиянның және олардың әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде шеккен шығынның орнын толтыратын ақшалай төлемдер;

8) келісім-шарт - келісім-шарт бойынша әскери қызметті ұйымдастыру, қамтамасыз ету және атқару мүддесіне орай тараптардың (әскери қызметке қабылданған адамның және уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамының) өзара міндеттемесі мен жауапкершілігін белгілейтін шарт;

9) қызметтің қауіпті жағдайлары - белгілі бір факторлар әсерінің әскери қызметші Денсаулығының тосыннан күрт нашарлауына немесе жарақаттануына не оның өліміне әкеп соқтыруы мүмкін қызмет жағдайлары;

10) уәкілетті мемлекеттік орган - штат құрылымында әскери құралымдар бар және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес әскери қызметтен өту көзделген мемлекеттік орган;

11) қызмет жағдайлары - әскери қызметшінің еңбегіне ақы төлеу, еңбегін қорғау және нормалау, жұмыс режимі, техникалық, санитариялық, гигиеналық, өндірістік-тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ тараптардың келісімі бойынша өзге де келісім-шарт талаптары.

2-бап. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы заңдар

1. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заңның күші келісім-шарт бойынша әскери қызметке келуге тілек білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарына, келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген әскери қызметшілерге, сондай-ақ келісім-шарт бойынша әскери қызметті ұйымдастыру мен қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға қолданылады.

4-бап. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет принциптері

Келісім-шарт бойынша әскери қызмет:

- 1) заңдылық;
- 2) қазақстандық патриотизм;

3) мемлекет мүддесі алдында азаматтар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің басымдығы;

4) әскери қызметке өз еркімен қабылдану;

5) кәсіпқойлық пен құзыреттілік;

6) дара басшылық;

7) бақылауда болу мен есеп берушілік;

8) әскери қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік жағынан қорғалуы принциптеріне негізделеді.

5-бап. Келісім-шарт бойынша әскери қызмет түрлері

Келісім-шарт бойынша әскери қызмет:

1) офицерлік құрам лауазымдарындағы әскери қызмет;

2) прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарындағы әскери қызмет;

3) әскери (арнаулы) оқу орындары курсанттарының (тыңдаушыларының) әскери қызметі;

4) солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарындағы әскери қызмет болып бөлінеді.

6-бап. Кемсітушілікке тыйым салу

1. Әрбір адам осы Заңда көзделген шектеулерді ескере отырып, өздерінің құқықтарын іске асыруға тең мүмкіншіліктерге ие. Ешкімнің де жынысына, жасына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне, діндерге, нанымдарға қатысына сондай-ақ әскери қызметшінің іскерлік қасиеті мен еңбегінің нәтижелеріне қатысы жоқ басқа да жағдайларға байланысты құқықтары шектелмейді немесе оларды іске асыруда қандай да болсын артықшылық алуына болмайды.

2. Өздерін әскери қызмет саласында кемсітушілікке ұшырадым деп есептеген адамдар тиісті арызбен сотқа не басқа құзыретті мемлекеттік органдарға жүгінуге құқылы.

7-бап. Келісім-шартпен реттелетін қатынастар

1. Уәкілетті мемлекеттік орган мен келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтетін әскери қызметшінің (келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданушы адамның) арасындағы қатынастар осы Заңмен, басқа да нормативтік құқықтық актілермен және соларға сәйкес жасалған келісім-шартпен реттеледі.

2. Келісім-шарттың талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге болмайды.

3. Келісім-шарттың жекелеген талаптарының жарамсыздығы, келісім-шартты бүтіндей жарамсыз деп тануға әкеп соқпайды.

4. Келісім-шарттың талаптары, егер олар Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, тараптардың орындауы үшін міндетті болып табылады.

2-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ӨКІЛЕТТІГІ, УӘКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ, КЕЛІСІМ-ШАРТ ЖАСАСАТЫН ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) келісім-шарт бойынша әскери қызмет мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру үшін Мемлекеттік ведомствоаралық комиссия құрады ;

2) келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы бағдарламаны және ережені бекітеді ;

3) келісім-шарт бойынша әскери қызметті ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі өзге де қажетті өкілеттіктерді жүзеге асырады.

9-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның негізгі функциялары

Уәкілетті мемлекеттік орган мынадай негізгі функцияларды орындайды:

1) Келісім-шарт бойынша әскери қызмет мәселелері жөніндегі мемлекеттік ведомствоаралық комиссияның жұмысына қатысады;

2) Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы Бағдарлама мен Ережені әзірлейді және оларды бекіту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етеді ;

3) азаматтарды келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдауға тікелей басшылықты, әскери қызметті ұйымдастыру және қамтамасыз ету процестерін жүзеге асырады ;

4) келісім-шарт бойынша әскери қызметті ұйымдастыру мен қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі өзге де қажетті өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10-бап. Уәкілетті мемлекеттік органның атынан келісім-шарт жасасқан лауазымды тұлғаның құқықтары мен міндеттері

1. Лауазымды тұлғаның:

1) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген жағдайларда, әскери қызметке қабылданатын (қабылданған) адамдармен келісім-шарт жасасуға, оны ұзартуға, өзгертуге, бұзуға және тоқтатуға ;

2) келісім-шарт жасасқан кезде әскери қызметке қабылданушы адамнан осы Заңның 16-бабында көзделген құжаттарды табыс етуін талап етуге;

3) өз өкілеттігі шегінде бұйрықтар шығаруға;

4) әскери қызметшілерді көтермелеуге, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларында белгіленген тәртіппен оларға тәртіптік жаза

қ о л д а н у ғ а

қ ұ қ ы ғ ы

б а р .

2 . Л а у а з ы м д ы т ұ л ғ а :

1) Қазақстан Республикасының заңдарына және келісім-шартқа сәйкес әскери қызметшілерге тиісті әскери қызмет жағдайларын қамтамасыз етуге;

2) әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген нормалар бойынша және тәртіппен тиесілі үлестің барлық түрлерімен, сондай-ақ оларды әскери қызмет міндеттерін орындау үшін қажет құралдармен және материалдармен қамтамасыз етуге;

3) келісім-шарт жасасқан кезде әскери қызметке қабылданушы адамды Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен айқындалған лауазымдық міндеттермен және әскери қызметтен өту шарттарымен таныстыруға ;

4) әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтандыруды қамтамасыз етуге;

5) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен және жағдайларда әскери қызметшілерге әскери қызмет міндеттерін атқару кезінде өміріне, денсаулығына немесе жеке мүлкіне келтірілген зиянның орны толтырылуын қамтамасыз етуге;

6) келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданушы адамға әскери қызметтің зиянды және қауіпті жағдайлары мен кәсіптік аурудың болу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ әскери қызметтегі міндеттерін атқаруға байланысты шектеулі құқығы туралы ескертуге міндетті.

11-бап. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтетін әскери қызметшінің құқықтары мен міндеттері

1. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтетін әскери қызметшінің:

1) осы Заңда көзделген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды пайдалануға;

2) жеке ар-намысының қадірленуіне, командирлер (бастықтар) және өзге де лауазымды адамдар тарапынан өзіне әділ және құрметпен қаралуына;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген нормалар бойынша және тәртіппен мемлекет есебінен ақшалай және заттай тиесілі үлес түрлерімен қ а м т а м а с ы з е т і л у г е ;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетақымен қамсыздандырылуға, әлеуметтік және құқықтық жағынан қорғалуға;

5) біліктілігі, қабілеті, қызметтік міндеттерін адал атқаруы ескеріле отырып, қ ы з м е т б а б ы н д а ө с і р і л у г е ;

6) негізсіз айыптаулар болған кезде қызметтік тергеу жүргізілуін талап етуге;

7) өмірі мен денсаулығы қорғалуына;

8) осы Заңда белгіленген жағдайларда, уәкілетті мемлекеттік органмен келісім-шартты ұзартуға, өзгертуге және бұзуға;

9) қауіпсіздік техникасы мен гигиена талаптарына сай келетін қызмет жағдайына ;

10) демалуға ;

11) әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде өміріне және денсаулығына немесе жеке мүлкіне келтірілген зиянның орны толтырылуына;

12) тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қызметтік міндеттерін орындауға байланысты туындаған даулардың шешілуіне;

13) келісім-шартта тараптың атынан әрекет ететін лауазымды тұлғаның өкілеттігін уәкілетті мемлекеттік органның растауын талап етуге;

14) өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға;

15) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жекешелендіру құқығымен тұрғын үй алуға ;

16) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да кепілдіктер мен өтемақылар алуға құқығы бар .

2. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтетін әскери қызметші:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларын сақтауға;

2) осы Заңда белгіленген шектеулерді қабылдауға;

3) келісім-шартпен келісілген әскери қызмет міндеттерін адал атқаруға;

4) әскери тәртіп пен қызметтік әдеп нормаларын сақтауға;

5) әскери қызмет процесінде мемлекеттік мүлікке зиян келтірілуіне жол бермеуге ;

6) өзіне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттерге сәйкес өкілеттіктерін жүзеге асыруға ;

7) келісім-шартқа сәйкес өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік, әскери, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді, соның ішінде әскери қызметті тоқтатқаннан кейін де Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген уақыт ішінде жария етпеуге;

8) адамдардың өмірі мен денсаулығына, мүліктің сақталуына қауіп төндіретін жағдайдың туындағаны туралы хабарлауға;

9) өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде командирлердің (бастықтардың) және өзге де лауазымды адамдардың бұйрықтары мен өкімдерін орындауға міндетті.

12-бап. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтуге байланысты шектеулер

1. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтетін әскери қызметшінің:

1) саяси партияларда, кәсіподақтарда болуға, жергілікті өкілді органдардың

депутаты және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болуға;

2) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметтен басқа, кәсіпкерлік не басқа да ақы төленетін қызметпен айналысуға;

3) әскери мүлікті, техниканы және қызметтік ақпаратты қызметтен тыс мақсаттарда пайдалануға;

4) мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және қызметтік міндеттерді орындауға кедергі келтіретін іс-қимылдарға, ереуілдерді қоса, қатысуға құқы жоқ.

2. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты болып сайланған әскери қызметші әскери қызметтен босатылады. Депутаттық өкілеттік мерзімі аяқталғаннан кейін ол заңдарда белгіленген тәртіппен жаңа келісім-шарт жасаса отырып, әскери қызметке қайта қабылдануға құқылы.

3-тарау. КЕЛІСІМ-ШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ, КЕЛІСІМ-ШАРТ ЖАСАСУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ

13-бап. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау

1. Әскери қызметке келісім-шарт бойынша қабылдау әскери қызметтен өту туралы жасасылған келісім-шарт негізінде еріктілік тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Әскери қызметке келісім-шарт бойынша қабылданатын адамға қатысты арнайы тексеру жүргізіледі.

3. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке:

1) белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылғандарды;

2) медициналық мекеменің қорытындысына сәйкес әскери қызмет міндеттерін орындауға кедергі келтіретін науқасы бар адамдарды;

3) Қазақстан Республикасының заңдарымен өзіне белгіленген шектеулерді қабылдаудан бас тартқандарды;

4) соттылығы бар не өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған адамдарды;

5) әскери қызметке қабылданардың алдындағы бір жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапқа тартылған немесе қасақана құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған адамдарды қабылдауға болмайды.

4. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын кандидаттан бас тартуға, сондай-ақ:

1) осы баптың 3-тармағында көрсетілген мәліметтерді бұрмалау немесе осы Заңның 16-бабында көзделген құжаттарды табыс етпеу;

2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде кандидаттың дайындық саласына немесе әскери мамандығына сәйкес келетін бос әскери қызметтің болмауы;

3) әскери қызметке келісім-шарт бойынша қабылданушының осы Заңмен белгіленген талаптарға сай келмеуі негіз болып табылады.

14-бап. Келісім-шарттың мазмұны

1. Келісім - шартта :

1) тараптардың реквизиттері:

уәкілетті мемлекеттік органның атауы, оның орналасқан жері;
уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамының атағы, фамилиясы, аты,
, әкесінің аты және қызметі;
келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданған адамның фамилиясы,
аты, әкесінің аты, оның жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, нөмірі және
берілген күні, әлеуметтік жеке кодының (ӘЖК) нөмірі, салық төлеушінің тіркеу
н ө м і р і (С Т Т Н) ;

2) әскери қызметтен өтуі туралы келісім-шарт жасасқан адамның
қабылданатын лауазымының (мамандығының) атауы;

3) келісім-шарттың мерзімі;

4) қызметтік міндетін атқаруды бастаған күні және қызметке тағайындау
туралы б ұ й р ы қ т ы ң н ө м і р і ;

5) қызмет жағдайының сипаттамасы, әскери қызметшіге кепілдіктер мен
ө т е м а қ ы л а р ;

6) жұмыс және демалыс уақытының режимі;

7) еңбекке ақы төлеу және еңбекті қорғау жағдайлары;

8) тараптардың құқықтары мен міндеттері;

9) келісім-шартты өзгерту, бұзу және ұзарту тәртібі;

10) осы Заңның 10-бабының 2-тармағының 3) және 6) тармақшаларында
көзделген талаптармен танысқаны туралы белгі;

11) тараптардың жауапкершілігі;

12) тараптардың қолы, уәкілетті мемлекеттік органның мөрі болуға тиіс.

2. Тараптардың келісімі бойынша келісім-шартқа Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де талаптар енгізілуі мүмкін.

15-бап. Келісім-шарт мерзімі және оның қолданылу тәртібі, әскери қызметшінің еңбек сіңірген жылдарын анықтау

1. Әскери қызметтен өту туралы келісім-шарт әскери қызметте болудың шекті жасына жеткенге дейінгі белгіленген келісім-шарт мерзіміне ұзартылу құқығымен үш жылға, бес жылға, он жылға, әскери (арнаулы) оқу орнында оқу мерзіміне жасалуы мүмкін.

Әскери қызметте болудың шекті жасы Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

2. Әскери қызметтен өту туралы келісім-шарт оған екі тарап та қол қойылған

күннен бастап күшіне енеді және келісім-шарт жасалған мерзім аяқталған соң немесе оның бұзылуына байланысты өз күшін тоқтатады.

3. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жатқан әскери қызметшінің жалпы еңбек сіңірген жылдарына әскери қызмет уақыты, соның ішінде мерзімді әскери қызмет те енгізіледі.

16-бап. Келісім-шарт жасасу

1. Келісім-шарт жазбаша түрде, екі дана етіп жасалады және оған тараптар қол қояды. Келісім-шарттың бір данасы келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданушы адамға беріледі.

2. Келісім-шартта және әскери қызметшіні қызметке тағайындау туралы бұйрықта көрсетілген күн әскери қызметшінің қызмет міндеттерін орындауды бастаған күні болып есептеледі.

3. Келісім-шарт жасасқан кезде лауазымды тұлға әскери қызметшіні келісім-шартта көзделген қызметке тағайындау туралы немесе адамды әскери (арнаулы) оқу орнына қабылдау туралы бұйрық шығаруға, келісім-шартта бұйрықтың шыққан күні мен нөмірін жазуға міндетті.

4. Келісім-шарт жасасу үшін лауазымды тұлға еңбек жолын растайтын құжаттарды, жеке куәлігін (төлқұжатын), әлеуметтік жеке код берілгені туралы куәлікті, зейнетақы шартын, білімі немесе кәсіби даярлығы туралы құжатты және Қазақстан Республикасының заң актілерімен көзделген өзге де құжаттарды талап етуге құқылы.

5. Келісім-шарттың нысаны, оны жасасу, ұзарту, өзгерту, бұзу және тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Келісім-шарт бойынша әскери қызмет туралы ережемен айқындалады. *(РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. Р960580 ; Р020603 ; V980747 (6 тарау); V001179).*

17-бап. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамдарға қойылатын талаптар

1. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылданатын адамдар:

1) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген разрядына және әскери атағына қарай он тоғыз жастан кіші және әскери қызметте болатын шекті жастан үлкен болмауы; *(РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. Z939000 (20-бап); Р960563 (7 - т а р м а қ) .*

2) қажетті моральдық-психологиялық қасиеттерді, білім, кәсіби және дене даярлығы деңгейін игеру талаптарына, белгіленген біліктілік нормативтеріне сай болуы тиіс.

2. Курсанттардың (тыңдаушылардың) әскери қызметіне оқуға қабылданған күні он жеті жасқа толған, бірақ жасы жиырма бірден аспаған еркек және әйел жынысты адамдар, сондай-ақ әскери (арнаулы) оқу орындарында оқуға тілек білдірген жиырма үш жасқа дейінгі әскери қызметшілер қабылданады.

18-бап. Әскери қызметтен өту туралы келісім-шарт жасасу талаптары

1. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке қабылдау үшін кандидаттар і р і к т е у д і :

1) әскери қызметшілер арасынан - уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдары ;

2) азаматтар арасынан - азаматтардан арыз немесе уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдарынан өтінім (өтініш) түсуі бойынша жергілікті әскери басқару органдары жүзеге асырады.

2. Келісім-шарт бойынша әскери қызметке:

1) офицерлік құрам лауазымдарына:

шақыру бойынша, белгіленген әскери қызмет мерзімінің аяқталуы бойынша әскери қызметтен өткен офицерлер;

әскери қызметте болудың шекті жасына жетпеген запастағы офицерлер; кіші офицерлерді даярлау жөніндегі курстарға жіберілген әскери қызметшілер, курстарды аяқтағаннан кейін;

әскери (арнаулы) оқу орындарының курсанттары (тыңдаушылары), оқу орындарын бітіргеннен кейін;

жоғары білімі бар прапорщиктер;

тиісті әскери мамандық саласы бойынша ұқсас жоғары білімі мен мамандығы бар еркек және әйел жынысты адамдар;

2) прапорщиктер мен мичмандар лауазымдарына:

жоғары, орта немесе кәсіптік орта білімі бар, мерзімді әскери қызметті аяқтаған солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар;

жоғары, орта немесе кәсіптік орта білімі бар солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарында келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген әскери қызметшілер;

әскери қызметте болудың шекті жасына жетпеген запастағы прапорщиктер мен м и ч м а н д а р ;

жоғары, орта немесе кәсіптік орта білімі бар запастағы солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар ;

тиісті әскери мамандық саласы бойынша ұқсас жоғары, орта немесе кәсіптік орта білімі мен мамандығы бар еркек және әйел жынысты адамдар;

3) солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар лауазымдарына:

орта немесе кәсіптік орта білімі бар әскери міндеттілер; мерзімді әскери қызметтен өтіп жүрген әскери қызметшілер, қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін ;

запастағы солдаттар, матростар, сержанттар мен старшиналар; тиісті әскери мамандық саласы бойынша ұқсас орта немесе кәсіптік орта

білімі мен мамандығы бар еркек және әйел жынысты адамдар қабылданады.

3. Қазақстан Республикасының әскери (арнаулы) оқу орындарына түсетін адамдар, сол сияқты уәкілетті мемлекеттік органның жолдамасы бойынша шет мемлекеттердің әскери (арнаулы) оқу орындарына түсетін адамдар, әскери (арнаулы) оқу орындарында білім алу мерзіміне және сонымен бірге әскери (арнаулы) оқу орнын бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде офицер құрамының лауазымдарында күнтізбелік есеппен он жыл мерзімге әскери қызметтен өту туралы келісім-шарт жасасады.

Келісім-шарт қабылдау комиссиясының әскери (арнаулы) оқу орнына қабылдау туралы шешімінен кейін жасалады.

Әскери қызметші әскери (арнаулы) оқу орнын бітіргеннен кейін әскери қызметтен өтуден бас тартқан немесе өз бастамасымен келісім-шартты бұзған жағдайда, ол өзін оқытуға жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұстап қалуға жататын сома келісім-шарт мерзімі аяқталғанға дейін толық қызмет өтемеген әрбір айына бара-бар есептеледі.

Әскери (арнаулы) оқу орындарының шақыру жасына жеткен және тәртіпсіздігіне байланысты оқудан шығарылған курсанттары (тыңдаушылары), егер олар әскери (арнаулы) оқу орнына түскенге дейін мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өтемеген болса, мерзімді әскери қызметтен өту үшін әскери бөлімдерге жіберіледі. Бұл жағдайда әскери (арнаулы) оқу орнында оқыған уақыт мерзімді әскери қызмет мерзіміне есептелмейді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің арнаулы оқу орындарының курсанттары (тыңдаушылары) арнайы есепке алына отырып, мерзімді әскери қызметке шақырылудан босатылады.

19-бап. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өту

Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтетін әскери қызметшілер Қазақстан Республикасының әскери қызмет туралы заңдарында көзделген тәртіппен және жағдайларда қызмет атқарады. *(РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. Z939000 (IV бөлім); P020603 ; V980747 V001179).*

20-бап. Әскери қызметшінің қызмет бойынша өсуі, әскери атақтың берілуі (төмендетілуі), ауысуы және ауыстырылуы

1. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген әскери қызметшінің қызмет бойынша өсуі, әскери атақтың берілуі (төмендетілуі), ауысуы және ауыстырылуы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, келісім-шартқа қажетті өзгерістер енгізіле отырып жүзеге асырылады. *(РҚАО-ның ескертуі: қараңыз. P020603 (14-15 тараулар); V980747 (1-2 тараулар); V001179 (3-4 т а р а у л а р) .*

2. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген әскери қызметшінің бір ведомстводан басқа ведомствоға ауысуы және ауыстырылуы келісім-шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

21-бап. Әскери қызметтен өту туралы келісім-шартты тоқтату және бұзу негіздері

1 . К е л і с і м - ш а р т :

1) егер тараптардың келісімі бойынша келісім-шарт мерзімі ұзартылмаса, келісім-шарт мерзімі аяқталғаннан кейін;

2) ұйымның таратылуына, адам саны немесе штаттың қысқартылуына байланысты, егер әскери қызметші ұсынылған басқа лауазымға келіспесе;

3) әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке жарамсыз деп тануына байланысты денсаулық жағдайы бойынша;

4) соттың айыптау үкімінің заңды күшіне енуіне байланысты тоқтатылуы мүмкін .

2 . К е л і с і м - ш а р т :

1) тараптардың келісім-шарт талаптарын орындамауына байланысты;

2) әскери қызметшінің дәлелсіз себептермен қызметке шықпай қалуына байланысты бұзылуы мүмкін .

3. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген әскери қызметші әскери қызметтен мерзімінен бұрын:

1) өзіне қатысты келісім-шарт талаптарының елеулі немесе жүйелі түрде бұзылуына байланысты ;

2) отбасы жағдайына байланысты босатылуға құқылы.

4-тарау. КЕЛІСІМ-ШАРТ БОЙЫНША ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТЕН ӨТУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

22-бап. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген әскери қызметшінің жауапкершілігі

Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген әскери қызметші жүктелген міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны, сондай-ақ қылмыс немесе өзге де құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерде және тәртіппен тиісінше әкімшілік, тәртіптік, материалдық немесе қылмыстық жауаптылықта болады.

23-бап. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген әскери қызметші тәртіптік жауапқа тартылған кездегі оның құқықтық кепілдіктері

1. Келісім-шарт бойынша әскери қызметтен өтіп жүрген әскери қызметші өзінің тәртіптік жауапқа тартылуына байланысты барлық материалдармен танысуға құқылы .

2. Жауапқа тартылған әскери қызметші лауазымды адамдардың әрекеттері

мен шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

24-бап. Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібі

1. Осы Заңның күші, ол күшіне енгізілгеннен кейін туындаған қатынастарға қ о л д а н ы л а д ы .

2. Осы Заң күшіне енгізілгенге дейін жасалған әскери қызметтен өту туралы келісім-шарттар олар жасалған мерзім бойы қолданылады.

3. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті